## Дәріс 3

Тақырыбы: Шартты оператор
Жоспар:
**1.** If конструкциясы: Шартты оператор және оның қолдануы

**Оқытудың әдістемесі мен формасы:** Баяндау, дәріс
Сабақ мақсаты: Шартты оператор жұмысымен, таңдау операторларының нұсқаларымен танысу. Оларды программа құруда қолдануға үйрену.
Негізгі түсініктер: шартты оператор, таңдау операторы
Әдебиеттер: [2,6]

### Шартты оператор

*Толық емес түрі:*

```
if <шарт>:
   <оператор1>
```

*Толық түрі:*

```
if <шарт>:
    <оператор1>
else:
   <оператор2>
```

*Ерекше түрі:*

```
if <шарт>:
    <оператор1>
Elif <шарт> :
    <оператор2>
Elif <шарт> :
    <оператор3>
else:
   <оператор4>
```

Python тілінде синтаксистің қызықты ерекшелігі бар: кодта операторлық жақшалар жоқ (begin..end, {..олардың орнына операторлар қандай да бір конструкцияның ішінде орындағанын көрсетеді.

Python-да шартты оператордың стандартты жазбасы көрсетілген.

Ең алдымен шарт орындалса, онда бірінші оператор, әйтпесе екінші оператор орындалады. Кейбір жағдайда шарттан және *else* сөзінен кейін тұрған операторлардың өзі шарт болып келеді.

| |
|---|
| • **x != y          # x is not equal to y** |
| • **x > y          # x is greater than y** |
| • **x < y          # x is less than y** |
| • **x >= y        # x is greater than or equal to y** |

| | |
|---|---|
| • **x <= y** | **# x is less than or equal to y** |
| • **x is y** | **# x is the same as y** |
| • **x is not y** | **# x is not the same as y** |

**Мысалдар:**

$$y = \begin{cases} x^2 + 1 & x > 0 \\ x + 4 & x \le 0 \end{cases} \qquad y = \begin{cases} x^2 + 1 & x > 0 \\ x + 4 & x \le -6 \end{cases}$$




```
x = int( input ('Please Enter X Number: ' ) )
if x > 0 :
    y=x*x+1
else:
    y=x+4
print(y)
```




```
x = int( input ('X Number: ' ) )
if x > 0 :
    y=x*x+1
elif x<=-6:
    y=x+4
print(y)
```

**Мысалы:** *Квадрат теңдеу* $ax^2 + bx + c = 0$ *берілген. Егер a,b,c коэффициенттері белгілі болса, x1 және x2 теңдеу түбірін анықтайтын программа жазыңыз. Мұндағы d,x1 және x2 мына формулалар арқылы анықталатыны бізге белгілі:*

$D=b^2-4ac \qquad X1=\frac{-b+\sqrt{D}}{2a} \qquad X2=\frac{-b-\sqrt{D}}{2a}$

Программасы:

```python
import math
a=int(input("a="))
b=int(input("b="))
c=int(input("c="))
D=b*b-(4*a*c)
print("D=",D)
if D>0:
     x1=((-b)+(sqrt(D)))/2*a
     x2=((-b)-(sqrt(D)))/2*a
     print("x1=",x1)
     print("x2=",x2)
elif D==0:
     x1=(-b)/(2*a)
     print("x1=",x1)
elif D<0:
     print("Jauabi jok")
```